

**СТУДЕНТТІҢ
АНЫҚТАМАЛЫҚ-ЖОЛСІЛТЕГІШІ**



Биология және биотехнология факультеті

Алматы 2014



Құрметті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті!

Сізді Қазақстанның және Орталық Азия мемлекеттерінің ішіндегі ең үздік оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттер қатарына қосылуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз ҚазҰУ-да білім алып Үлкен өмірге жол ашасыз, кәсіби дағдыларға ие болып, мансаптарыңыздың тұрақты өсуін қамтамасыз етесіз! Бұған сенімді болыңыз! Бұл – Қазақстанның жоғарғы элитасының негізін қалыптастыратын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің барлық түлектерінің жетістігінің формуласы!

Сізге зор денсаулық, амандық, оптимистік көңіл-күй, шығармашылық шабыт және оқуда жетістіктер тілеймін!

Тәуелсіз Қазақстанның лайықты азаматы болыңыз!

***Ізгі ниетпен,
ректор, академик, Ф.М. Мұтанов***

МАЗМҰНЫ

Университеттің әкімшілігі	4
Университет туралы ақпарат	5
2014-2015 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе	17
Биология және биотехнология факультеті	18
Факультеттегі білім беру бағдарламалары	20
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ құрылымдық бөлімшелері	57
Академиялық мәселелер жөніндегі Департаменттің бөлімдері	58
Қосымша контактілер	59
ҚазҰУ кампусының картасы	60

УНИВЕРСИТЕТ ӘКІМШІЛІГІ

Қызметі	Ғылыми дәрежесі және атағы	Аты-жөні	Қабылдау телефоны
Ректор	Т.Ғ.Д., профессор, академик	Мұтанов Ғалымқайыр Мұтанұлы	1120*
Бірінші проректор	Х.Ғ.Д., профессор	Бүркітбаев Мұхамбетқали Мырзабайұлы	1123*
Оқу жұмысы жөніндегі проректор	Т.Ғ.Д., профессор	Ахмед-Заки Дархан Жұмақанұлы	1121*
Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор	ф.-м.ғ.д., профессор	Рамазанов Тілекқабыл Сәбитұлы	1122*
Әлеуметтік даму жөніндегі проректор	әлеу.ғ.д., профессор	Жаманбалаева Шолпан Ерболқызы	1125*
Экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор	ф.-м.ғ.д., профессор	Бектемесов Мақтағали Әбдімәжітұлы	1354*

УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстанның ЖОО бас рейтингісінің көшбасшысы. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - еліміздегі жоғары оқу орындарының арасында бірінші болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты атанды. Қызмет көрсету сапасы саласындағы жетістіктері үшін ТМД елдерінің ынтымақтастығы сыйлығының дипломанты. Соңғы үш жылда Университет ТМД университеттерінің TOP-3 кіретін нәтиже бойынша QS WorldUniversityRankings 2013 халықаралық рейтингінде 350 орынға жоғарылап 299 орынды иеленді. Орталық Азиядағы ЖОО арасында ҚазҰУ білім беру, ғылыми зерттеу, халықаралық қызметтері, сонымен қатар QS (Ұлыбритания) инфрақұрылым сапасын бағалау нәтижесі бойынша үш «жұлдызды» мәртебені иеленген жалғыз университет.Еуропалық ғылыми-индустриялық палата құрастырған ЖОО академиялық рейтингінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық ЖОО арасында үздік бестікке енді және «BBB+ rating» – «Sufficenthighranking» (жоғары) тобына қосылды.

Танымал «Great ValueColleges» халықаралық ұйымының зерттеу нәтижесі бойынша *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ* 31 орынды иеленіп, *әлемдегі 50 технологиялық дамыған университеттердің* санына кірді. Қазақстандық ЖОО ТМД елдері арасында ғана емес, Шығыс және Орталық Еуропа, сонымен қатар Сингапур және Жапония, барша Азия континентінде рейтинг бойынша жалғыз университет екенін ерекше айта кету керек.



әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстан жоғары мектебінің талассыз көшбасшысы. білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз қазақстандық агенттік(НКАОКО) жасаған 2014 жылы Қазақстанның үздік ЖОО-ның ұлттық рейтингінде, сонымен қатар,Болон үдерісі орталығы және ҚР БжҒМ академиялық ұтқырлық рейтингінде қазақстандық ЖОО TOP-10 университетіміз көшбасында тұр.

ҚР БжҒМ академиялық ұтқырлық және Болон үдерісі орталығының қазақстандық ЖОО бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын рейтингтік бағалау нәтижесі бойынша ҚазҰУ-нің 24 бағдарламасы бірінші орын, 13- екінші орын және 4 бағдарлама 3-орынды иеленіп жоғары сапаны көрсетті. Магистратура мен докторантурадағы білім беру сапасы бойынша ұлттық аккредитациялық агенттіктің рейтингі нәтижесінде жоғары бағаланды.

ҚазҰУ бакалавриат, магистратура, докторантураның барлық білім беру бағдарламаларының сапасына жоғары білім берудің Еуропалық стандартқа сәйкестігіне толықтай бағалау жүргізіп және ASIIN, AQUIN, AQA и FIBAA сияқты алдыңғы қатарлы Еуропалық аккредитациялық агенттіктердің халықаралық аккредитациясын алған ТМД және Орталық Азиядағы жоғары оқу орындары арасындағы бірегейі болып табылады.

Біздің университетіміз Қазақстан жоғары оқу орындары және Орта Азия елдерінің арасында бірінші болып Болон қаласында университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойып, әлемдік білім беру кеңістігіне және Еуропа елдерінің жоғары оқу орындарына кіруге жол ашып, халықаралық сертификация жүйесі IQNET куәлігіне ие болды.

ҚазҰУ құрамында 14 факультет, 67 кафедра, 22 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары, технопарк жұмыс істейді. 2 мың профессор-докторлар, ғылым кандидаттары және философия докторлары, 100-ден астам академиктер ірі академиялардан, 30-ға жуық Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкерлері, 30-дан астам ҚР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттары және 40 жас ғалымдар сыйлығы-ның лауреаттары, 45 мемлекеттік ғылыми стипендиаттары жұмыс істейді. Университетте 18 мыңнан астам білім алушылар және магистранттар бірнеше деңгейлік жоғары кәсіби білім алу жүйесінде оқиды.

Университет бірлескен халықаралық оқу бағдарламалары бойынша, студенттер алмасу және тәжірибе өткізу бойынша әлемнің ірі халықаралық Жоғары оқу орындарымен жұмыс істейді. ШБМ университетімен, ТМД жүйелік университетімен, ТемпусТасис (ЭразмусМундус) университеттер еуропалық консорциумдарымен жобалар таратуда, «Глобалды класс» жобаларымен және т.б. жобалар жүзеге асырылады.

Ғылыми қызметі. Ғылыми-зерттеу жұмысы студенттерге бәсекеге қабілетті жас маман ретінде кәсіби деңгейін жоғарылатуға көмектеседі. Әр факультетте ғылыми үйірмелер, студенттік ғылыми қоғам, жас ғалымдар кеңесі жұмыс жасайды. Әрбір студент өзінің ұсынысын, ой-пікірін студенттердің бизнес-инкубаторында жүзеге асыруға мүмкіндігі бар және өндіріске енгізу және идеяны коммерциализациялау деңгейіне дейін жеткізе алады.

Студенттердің курстық жұмыстарының тақырыбы кафедрада жүзеге асырылатын ғылыми жобалар шеңберінде ұсынылады. Сонымен қатар, мұндай курстық жұмыстар ғылыми жаңашылдығы үшін қаржыландыруға да ие болады. Бұл үшін университет талантты студенттерге қолдау көрсету және



ғылыми жобалармен жұмыс жасауына ықпал ету саясатын ұстанады. Факультеттерде мұндай сұрақтармен кафедра меңгерушілерінің орынбасарлары және деканның ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі орынбасарлары айналысады.

Мәдени және әлеуметтік сала. Университет – Қазақстанда аналогы жоқ білім беру-ғылыми кешені «ҚазҰУ қалашығы», оған оқу ғимараттары және лабораториялар, ғылыми кітапхана, жатақханалар, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, спорт кешені және стадион, тамақтану комбинаты, кинотеатр, университеттің қонақүйі кіреді.

Ғылыми кітапхана қорында 2 миллионнан аса оқу және ғылыми әдебиеттер бар, оқу ғимараттарында арнайы оқу залдары жұмыс жасайды. Ыстық көл жағалауында ҚазҰУ-дың жан-жақты қамтылған пансионат, спорт алаңдары, емдеу инфрақұрылымы, демалушы оқытушылар мен студенттерге мәдени және тұрмыстық қызмет көрсететін орындары бар жеке спорттық-сауықтыру кешені орналасқан.

Әскери кафедра. Университет жанында 1934 жылдан ашылған түлектерге қосымша әскери мамандық пен офицерлік атақ беретін әскери кафедра бар. Әскери дайындықты тәжірибелі оқытушылар ұйымдастырып жүргізеді. Әскери кафедраға барлық талаптарға сай жеке ғимарат пен іргелес аумағы бөлініп, барлық оқу және кафедраның қызметтік орындарында қайта ұйымдастыру өткізілген, қару-жарақ және әскери техниканың жаңа үлгілері алынып менгерілді, студенттерді оқытып үйрету әдістемелері жетілдірілді.

Қазіргі уақытта әскери кафедра Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Құрлық әскерлері үшін жеті әскери-есеп мамандықтары бойынша маман-офицерлер дайындайды:

- Жалпы әскери бөлімдер, бөлімше және құрылымдарды соғыста қолдану;
- Шағын қашықтықта қолданылатын өздігінен жүретін зениттік-ракеталық бөлімдерін соғыста қолдану;

- Тасымалды зенитті ракеталық кешендермен қаруланған бөлімдерді ұрыста қолдану;

- Зенитті өздігінен жүретін қондырғымен қаруланған бөлімдерді ұрыста қолдану мен радиолокациялық аспапты кешен (РАК);

- Мотоатқыштар бөлімінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;

- Заңгерлік жұмыстар;

- Шет тілі.

Әскери дайындық теориялық оқытудан және әскери кафедрада өткізілетін практикалық курстан тұрады. Сонымен қатар әскери жиын мен әскери тәжірибе өтеді. Мұның бәрі бірінші



курстың екінші жартысында басталып, университет бітіруден 1 жыл бұрын аяқталады.

Әскери дайындыққа 27 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматы, денсаулығы әскери сынаққа лайықты білім алушылар жіберіледі.

Әскери дайындықтан өтуге білім алушылар өздерінің ҚазҰУ ректорының атына жазылған өтініштерін әскери кафедраға тапсыру бойынша іріктеу комиссиясының шешімімен жіберіледі.

Іріктеу барысында білім алушылардың төмендегі жағдайлары ескеріледі:

- әскери басқарудың жергілікті органдарының әскерге шақырылатын комиссияның дәрігерлік куәләндіруінің нәтижелері;

- психологиялық тестілеу нәтижелері;

- емтихан сессияларының қорытындысымен анықталатын білім алушы үлгерімінің бағасы (академиялық қарыздары бар студенттер үміткер ретінде қаралмайды) ;

- жоғары әсері-оқу орындарына түсетін абитуриенттерге қойылатын дене-күш дайындық бойынша нормативтерді орындау нәтижелері (кросс - 3 км, жүгіру - 100 м, турникте тартылу).

Бұл көрсеткіштер іріктеу комиссиясының отырысында бірінші оқу жылының аяғында қарастырылады.

Іріктеу комиссиясының дербес құрамы Қорғаныс Министрлігінің бұйрығымен анықталады.

Әскери дайындыққа өту үшін білім алушылардың қабылдануы, іріктеу комиссиясының хаттама негізінде ЖОО-ның ректорының бұйрығымен шешіледі.

Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық ынтымақтастық республиканың жетекші жоғары оқу орны саналатын әл-Фарабиатындағы Қазақ ұлттық университеті қызметінің бөлінбес бөлшегі және білім сапасы мен оның халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз етудің басты құралы болып табылады. Белсенді халықаралық

байланыстар мен бірқатар халықаралық ұйымдар тарапынан қолдаудың болуы оқыту процесін жетекші шетел университеттерінің стандарт-тарына сәйкес заманауи бағдарламалармен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. ҚазҰУ-ды халықаралық қызметі университеттің ҚР жоғары оқу жүйесіндегі беделін арттыруға және оның халықаралық білім және ғылым кеңістігіне одан әрі интеграциялауға бағытталады.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін әлемдік қоғам мойындағанның куәсі ретінде университет қабырғасында шетелдік азаматтардың білім алуын айтуымызға болады – таяу және қиыр шетел азаматтарының саны жылдан-жылға өсіп келеді. Әлемнің 25 мемлекетінің 1000-нан астам шетелдік студенттері түрлі ма-мандық бойынша білім алууда.

ҚазҰУ студенттері, магистранттары және докторанттарының әлемдік жетекші университеттердің алдыңғы қатардағы профессорлары мен ғалымдардың дәрісіне қатысуға мүмкіндіктері бар. Әр жыл сайын Ұлыбритания, АҚШ, Польша, Жапония, Франция, Германия, Шотландия, Испания, Швеция, Үндістан, Түркия, Израиль, Ресей, Финляндия және басқа елдерден 130-дан астам шетелдік ғалымдар қызықты дәрістері мен баяндамаларымен ҚазҰУ студенттерінің алдында дәріс береді.



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білімгерлері университетаралық келісімшарт негізінде халықаралық бағдарламалар және гранттарға қатысу, шетелдік мекемелерде тағылымдамадан өту және білім алу арқылы, алмасу бағдарламаларына белсенді түрде қатынасу жолдарымен халықаралық ынтымақтастық істеріне тартылуға кең мүмкіншіліктері бар. Әріптес университеттердің тізімін www.kaznu.kz сайтынан білуге болады.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті **Университеттердің халықаралық ассоциациясының (IAU)** Юнеско базасында 1950 жылы құрылған бүкіл әлемдік жоғары оқу орындарының ассоциациясының мүшесі. Оның құрамына мақсаты бір 120 астам ғылыми мекемелер мен ұйымдар кіреді. Ассоциация білім саласындағы түрлі халықаралық, жергілікті және ұлттық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды; **Университеттердің Еуразиялық Ассоциациясы (УЕА)** – университеттердің халықаралық беделді ұйымының мүшесі. Оның құрамына ТМД елдерінің ұлттық университеттері, Еуразиялық кеңістікке кіретін елдердің алдыңғы қатарлы жергілікті университеттері мен жоғары оқу орындары кіреді; **Инженерлік білім берудің Еуропалық қауымдастығы (SEFI)** – бұл Еуропалық ірі инженерлік білім беретін институттар мен білім беру саласындағы қызметкерлердің қауымдастығы. 1973 іргесі қаланған бұл мемлекеттік емес ұйым Еуропада инженерлік білім беруді дамыту, инженерлердің қоғамдағы орнын жақсарту, инженерлік жоғары білім туралы ақпарат тарату және оқытушылар, зерттеушілер мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты, университеттер мен компаниялар арасындағы ынтымақтастықты дамыту,

сонымен қатар Еуропаның инженерлік жоғары білім беруді дамытуға қосатын үлесін арттыру мақсатында құрылған.

Сонымен қатар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің негізінде IAESTE халықаралық бағдарламасы жүзеге асырылады. IAESTE 1948 ж. Лондонның Империялық колледжінде пайда болып, қазіргі таңда аталмыш бағдарламаға 85 ел және 300 000-нан астам білімгерлер енеді. Техникалық білім бағытында маманданған білімгерлермен алмасу ассоциациясы, (International Association for the Exchange of Students for Technical Experience) оқу бағдарламалары техникалық ғылымдарымен, физика, химия, информатика, сонымен қатар биология, экология, фар-мацевтика, ауылшаруашылық саласы және басқа да мамандық-тармен байланысты 3-4-курс студенттеріне оқу мүмкіндігін, со-нымен 1 айдан 4 айға дейінгі мерзімде шетелдік тағылым-дамадан өту мүмкіндігін береді. IAESTE бағдарламасы жайында бүкіл ақпаратты <http://www.iaeste.org> сайтынан табуға болады.

Сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еуропалық және Орталық Азия университеттерінің құрамында ErasmusMundusAction 2 бағдарламасының аясында әртүрлі халықаралық академиялық мобильділік жобаларын іске асырып келеді:

Барлық халықаралық біліми, шәкіртақылық және академиялық мобильділік бағдарламалары бойынша туындаған сұрақтарыңыз болса, өз факультеттеріңіздің Ғылым және халықаралық ынтымақтастық бойынша декан орынбасарларымен байланысуларыңызға болады. Халықаралық шәкіртақылық бағдарламалар, гранттар жайында толық ақпаратты және хабарландыруларды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық Ынтымақтастық Департаментінің сайтынан <http://icd.kaznu.kz> көруге болады.

Жұмысқа орналастыру. ҚазҰУ мансап және бизнес орталығы – студенттерге және түлектерге табысты мансап құруға, кәсіби өсуіне және дамуына ақпараттық-кеңес көмегін көрсететін құрылым. ҚазҰУ-дың Жұмыс берушілер кеңесінің міндеті – әлемдік қоғамға енуі барысында, Қазақстанның интеллектуалды көрсеткіштері бойынша мемлекет басшысы қойған жаңа талаптар аясында, - жоғарыбілікті, бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын орталық ретінде ЖОО-ның дамуына жәрдем беру.

Кеңес қызметі - тәжірибе базасының кеңеюінде жұмыс беруші компаниялардың қатысуына, халықаралық жобалар мен бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламаларының жүзеге асырылуына бағытталған.



Сонымен қатар, жұмыс беруші компаниялар жұмыс берушілер талаптарына сай оқу үрдісінің бейімділігіне, мамандар дайындауда бірлескен оқу бағдарламаларын құрастыруға көмектеседі, еңбек нарығына зерттеу жүргізеді, экономиканың қазіргі талаптарына сәйкес

бағдарламалар мен оқу жоспарларының кемелденуі бойынша ұсыныстар береді және оларды жан-жақты талдайды.

ҚазҰУ-дың Жұмыс берушілер кеңесінің құрамында ел экономикасы мен басқа да түрлі салалар да қызмет ететін ірі компаниялар бар: Microsoft Kazakhstan, KPMG, «Самрұк - Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, Қазақстанның Халық Банкі, «Қазатомпром» ұлттық компаниясы, Ұлттық ғарыш агенттігі, «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі, GSM Қазақстан ұялы операторы, «Қазфосфат» компаниясы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы, «Қарашығанақ Оперейтинг Б.В.» компаниясы, «Еуразиялық банк» АҚ, Қазақстандық инновациялық қор, «Ел Арна» ТРК, «Даму» кәсіпкерлік даму қоры, Қазақстан Республикасының сауда-өндірістік палатасы, Қазақстанның Британдық бітірушілер қоры, Алматы қаласының Білім Беру Басқармасы және басқалары.

Мансап және бизнес орталығының қызметі:

• Оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикалардан өтуге және тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысуға ақпараттар алуға мүмкіндік жасау;

• «Көшбасшылық» және «UniversityLife» бағдарламасын іске асыру;

• Онлайн тәртібінде кеңес беру және тіркеу;

• Көшбасшылық дәрістер, тренингтер, семинарлар, конференцияларды ұйымдастыру;

• JobFair (Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі), VolunteerFair (Волонтерлық Жәрмеңке), CareerTalk ұйымдастыру;

• Парламентте, Жұмыс берушілер кеңесінің компания-ларында тәжірибе, Халықаралық тәжірибе, Жастар тәжірибе-лерін ұйымдастыру;

• «SuccessMotivation» (Сингапур) көшбасшылық мекте-бінің жұмысын ұйымдастыру;

• «Мансап» жастар журналы мен бос жұмыс орындарының каталогын басып шығару;

Студенттер еркін кәсіпкерлікте (SIFE) – бұл халықаралық бағдарлама студенттердің жеке инновациялық жобаларын экономика, әлеуметтану, білім, ақпараттық технологиялар мен қоршаған ортаны қорғау аясында жүзеге асыруларына мүмкіндік береді.



SIFE жұмыс берушілермен жобаларды жүзеге асырып, тренингтер, мастер-класстар шеңберінде ынтымақтастықты белсенді дамытады.

Жетекші және әлемдік ұлттық компаниялар даму бағдарламасын белсенді қолдап, жұмысқа түлектер арасынан SIFE мүшелерін тартады.

Студенттік кейс-клуб «CaseImpact» жұмыс берушілер кеңесінің мәжілісі шеңберлерінде ашылды. «CaseImpact» Студенттік кейс-клубтың негізгі тапсырмасы «CaseImpact» - жағдайға байланысты мәселелік кейстерді шешу

мақсатында теориялық білімдерді қолдану, жағдайлық кейстердің көмегімен жүретін оқыту әдістерін дамыту, белгілі қазақстандық және халықаралық серіктестіктердің өкілдердің ҚазҰУ оқу үдерісіне қатыстыру. Жаңа «CaseImpact» клубының есігі барлық студенттер үшін ашық.

«Ашық кафедра» жобасының мақсаты: жұмыс берушілердің, ірі компаниялар өкілдерінің, жеке бизнесмендердің және «Болашақ» Президенттік стипендиясы мен басқа институттар (OpenSocietyInstitute (SorosFund), Muskie, Chievening, DAAD) түлектерінің оқытушы ісін ағылшын тілінде жүргізілуі арқылы білім беру сапасының жетілдіруіне өз үлесін қосу.

Академиялық саясат. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кредиттік жүйе бойынша орта кәсіби, жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша

(магистратура, докторантура PhD, екінші жоғарғы білім) мамандарды дайындауды жүзеге асырады, негізгі мақсаты - білім алушылардың өз бетінше ұйымдастырушылық және өз бетінше білім алу қабілеттерін білім үрдісінің регламентациясының шеңберінде таңдау негізінде және кредиттер түрінде білім мөлшерінің есебінде дамыту.

Академиялық саясат университеттің жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім алудың кредиттік жүйесінің ұйымдастырылу ретін айқындайды. Құжатқа білім алушылардың сабаққа қатысуының тіркелу ретін; ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаулардың өткізілуін; білім алушылардың тәжірибелерінің барлық түрлерін өткізуді ұйымдастыру; білім алушылардың білімдерінің бағалануын; білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақылардың төлену тәртібін; білім алушылардың ауысу, қайта қабылдау, оқудан шығару ережесін; қорытынды аттестация және т.б. кіреді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы. Студенттерге қызмет көрсету орталығының ғимараты 3 этажды, ауданы 7 300 кв.м. құрайтын ҚазҰУ территориясында әл-Фараби даңғылы, 71 мекен-жайында орналасқан.



Орталықтың практикалық маңыздылығы студенттердің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда кеңес алу және сапалы қызмет көрсету мақсатында барлық қызметтер бір орында жүзеге асырылуымен ерекшеленеді.

А Секторы. Оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша (кеңсе тіркеуші, студенттер кеңсесі, паспортный стол, бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі, халықаралық бөлім, мансап және бизнес орталығы)

В Секторы. Әкімшілік қызметтер («Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының әкімшілігі, Банк, Нотариус, әуе және теміржол кассасы, туристік фирма)

С Секторы. Сауда-көңіл көтеру қызметтері (кинотеатр, кафе, кір жуатын орын, сән салоны, фото салон, кітап дүкені, супермаркет)

Д Секторы. Жастар орталығының қызметі (студенттік ұйымдар)

Н Секторы. Диагностика қызметтерінің орталығы (КТ, МРТ, ЭКГ, маммография, есту, көру, қан құрамын зерттеу, асқазан және ішек эндоскопиясы және т.б.)

Студенттерге қызмет көрсету орталығының ғимаратында кеңес беру аймағы және электронды үкімет (“e-gov”) қызметіне онлайн-қолжетімділік аймағы құрылған. Мұнда студенттер өздеріне қажетті кеңестерді ала алады.

«UNIVER» жүйесі. әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқу үдерісін басқаруға мүмкіндік беретін ақпараттық инфра-құрылым «Univer» жүйесі (<http://univer.kaznu.kz>) қолданылады.

«Univer»жүйесі студенттерге, оқытушыларға, әдіс-керлерге, оқу және әдістемелік бөлімдерге, басшылыққа кіруге болады.

Эдвайзердің көмегімен өз оқу жоспарын қалыптастыра отырып, «Univer»жүйесінің көмегімен студент оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болып табылады. Студент мүмкіндіктерге ие:

- пәнге тіркелуді on-line жүргізу;
- жаңалықтар мен хабарландыруларды көру;
- элективті пәндер каталогына кіру;
- мамандықтың оқу жоспарын көру;
- пәндердің оқу-әдістемелік материалдарына кіру;
- ағымдық және қорытынды аттестацияны көру;
- оқытушыларға он-лайн сауалнама жүргізу;
- транскриптті көру;
- сабақ кестесін көру;
- эдвайзер және т.б. туралы ақпаратты көру;
- өзінің жеке профайлын қарап өзгерту және т.б.

Сонымен қатар студенттердің ата-аналары өз балаларының оқудағы үлгерімін бақылай алады.

Факультеттерде студент кез келген уақытта ішкі желі «Univer»жүйесіне кіруге мүмкіндіктері бар компьютер кластары жұмыс істейді.

Тіркеуші кеңсесінің қызметі тіркеумен, студентті оқу пәндеріне қайта тіркеумен, студенттің жеке оқу жоспарын бақылаумен; студенттің аралық және қорытынды бақылау өткізумен; студенттің академиялық үлгерімін жазып сақтау және ұйымдастырумен айналысу.



Студенттік өмір. Жоғарғы оқу орында оқыған немесе оқитын әр бір білім алушы биография беттерінде ең жарық, қызықты кезеңдері өтеді. Жастық шақ қимыл әрекеттің энергияға толы, қызу қаныққан өмірмен, білімдерін жинақтап және әлемдегі жетістікке жетуге ұмтылатын кезең.

Білім алушы көптеген жетістіктерге жету үшін біздің университетте барлық жағдай жасалған, қазіргі таңда университетте 100 аса студенттік ұйымдар мен клубтар жұмыс жасайды. Олардың барлығы жастар ұйымы комитетінің басшылығымен жұмыс жасайды. Солардың ішіндегі бірегей ұйымдар: Студенттер сенаты, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, жоғары студенттік кеңес, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттік ғылыми қоғам,

дебат қозғалысы. Жазғы демалыс уақытында студенттер құрылыс отряды жұмыс жасайды, бір уақытта жұмыс жасап университетке көмек бере отырып, еңбек ақыларын да алады.

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі студенттік өзін-өзі басқаруы - бұл өз бетінше қоғамға айырықша мән беріп алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес білім алушылар өмірін ұжымдық қызметтерінде жүзеге асуын атқарады. Студенттік өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру академиялық топ және факультет деңгейінде ұйымдастырылады. Студенттік декан командасы Студенттер сенаты, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, жоғары студенттік кеңес, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттік ғылыми қоғам өкілдерінен тұрады және мынадай:

- студенттік өмірдің қызықты өтуіне;
- студенттер үйі туралы бәрін білуге;
- қызығушылық бойынша жаңа достар табуға;
- әлеуметтік қолдау алуға;
- өз идеяларын жүзеге асыруға;
- көшбасшылық потенциалын ашуға;
- ерекше ойлау мен ғылыми шыңдарды бағындыруға көмек көрсете алады.



Студенттік өзін-өзі басқару – сенің мүмкіндіктер әлемің!

Студенттік маслихат – факультетте білім алушылардың өзін-өзі басқару, өзіне қатысты жұмысты жасауын, заң ұстанымдары бойынша басқару, еркіндіктер, тең құқықтық, демократиялық және әлеуметтік ұйымдарда орындауы. Білім алушылар маслихаты бірінші курстарға білімдерінің жақсы болуын түсіндіріп белгілі нысанға келтіреді, оларды жаңа әлеуметтік шарттарға икемдеуге көмектеседі, сондай-ақ тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға да көмектеседі, жастар жақсы өмір сүру үшін шығармашылық жағдайы белсенді жарқын әсер алуына көмектеседі.

Студенттік кеңес – білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымы, факультеттегі білім алушылардың қоғамдық бірігуі. Кеңес белсенділерден, өз факультеті үшін қайырлы жұмыстар тілейтін, іс-шаралар ұйымдастыратын, факультет жатақ-ханасында тұратын білім алушыларды мазалаған мәселелерді шешуден тұрады.

Болон үдерісі бойынша студенттік бюро – бірінші курс студенттеріне оқу үдерісі бойынша туындаған сұрақтарын шешуде көмек көрсететін, студенттерге қолдау көрсететін тірегі. Бірінші курс білім алушысы осы ұйыммен алғаш танысқан кезінде оның атауын түсіну оған қиынға соғады, бірақ мақсаты академиялық саясатты түсіндіру болып табылатын БҮСБ мүшелері аз уақыт ішінде ең маңызды нәрселерді талапкерге түсінікті тілде түсіндіріп береді.

Алғашқы өзіндік жұмыс, аралық бақылау, сессия барысында туындаған барлық мәселелер мен кикілжіңдерге БҮСБ орынды кеңес бере отырып, мәселені шешеді және достық қарым-қатынасты сақтап қалуға тырысады. БҮСБ университет әкімшілігі мен білім алушылар арасын байланыстырып тұрған көпір болып табылады. Болон үдерісі бойынша Студенттік бюро қызметі арқасында білім алушылар студенттік өмірге етене араласуда.

Ғылыми білім алушы қоғамы (ҒБАҚ) – ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатын білім алушылардың өз еркімен бірлесуі. ҒБАҚ білім алушы ғылыми-тәжірибелік жұмыстарына көмектесіп, білім алушылардың өміріне қызықты әсер қалдырады.



«Сұңқар» кәсіподақ ұйымы білім алушылардың мүддесін және құқығын қорғайды (әкімшілік әрекетімен) шарт бойынша әлеуметтік шәкіртақы беріледі, шәкіртақылық қордың ақы-пұлдарынан материалдық көмек көрсетеді, оқу үдерісінде жатаханада тұратын білім алушыларды техникалық-шаруашылықпен қамтамасыз етеді; жәнеде ұйым тегін заңдамалық кеңес көрсетеді; Алматы қаласындағы балалар үйіне көмек береді; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де білім алушыларға тамақтану комбинатына жеңілдік бойынша талонға жолдама және қалалық автокөлікке жол жүру билеттерімен қамтамасыз етеді.

Білім алушы құрылыс жасағы (БАҚЖ) – бос уақытында өз еркімен құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізуге көмектесетін білім алушылар бірлестігі.

Білім алушы клубы – бұл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мәдениет орталығы, мұнда өнердің ақиқаттық танымы арқылы білім алушының рухани-адамгершілік тәрбиесіне ықпал етеді.

ҚазҰУ білім алушы клубы – бұл:

- Әр түрлі бағытта және жанрда 10 жалпыуниверситеттік пен 30 кафедра ұжымы бар;
- Репертуарында 500-ден аса концерттік нөмірлер бар;
- Білім алушы қалалық және республикалық деңгейде болатын жыл сайынғы фестивальдардың лауреаты атағын ала алады;

Білім алушы клубында әр жағынан әйгілі болуы үшін барлық жағдай жасалған: әр түрлі бейнеде сахналық костюмдер, барлық түрінен қажетті музыкалық аспаптар бар.

Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында дәстүрлі конкурстар және фестивалдар, сондай-ақ «Жалын», «Студенттер көктемі», «Ана тілі аруы», «Ана тілі сұлтаны», «ҚазҰУ аруы», халықаралық студенттер форумы және көптеген шаралар өтеді.

Білім алушы клубында 10 үйірме, 15 қызметкер жұмыс жасайды. Әр үйірмеде 700 білім алушы шамасында қатысады, әр үйірмеде өзінің мақсаты мен талабы болады. Клубтың басшысы мамандырылған маман, музыкалық білімі бар болады.

Білім алушы клубының негізгі мақсаттары:

- жастарды ұлттық мәдениетті бағалауға шақыру;
- білім алушылардың маңызды жетістіктерін ұйымдастыру;
- Білім алушылық жастардың шығармашылық дәстүрін, мәдениетін, адамдық қасиетін сақтау;



- Олардың шығармашылық ұстамдықтарын жетілдіру;
- Білім алушылардың шығармашылық қабілетін ашу үшін шарттар құрастыру.

Білім алушы клубы университетте өтетін барлық мәдени іс-шараларды ұйымдастырып, барлық қала бойынша, республика бойынша белсенділіктерін көрсетеді.

Білім алушы клубы:

- Ұлттық аспапты «Фараби сазы» оркестрі,
- «Бақыт» би ансамблі,
- «Біз» студенттік театры,
- Вокалды және эстрадалық үйірме,
- Домбыра және қобыз үйірмесі,
- Хор үйірмесі,
- Көңілді Тапқыштар үйірмесі
- «Жас ақындар үйірмесі».

Спорттық-сауықтыру кешені. ҚазҰУ спорттық кешені - спорттық оқу кешені тренажер бөлмесінің ауданы 11000 кв.метр, спорттық ауданнан және секциядан, білім алушылардың спорттық үйірмесі, әр түрлі секция – спорттық ойын, аэробика, бокс, денсаулық тобы, медициналық пункт және алаңнан тұрады. Университеттің білім алушыларына шартты түрде толық спорттық қатарлар және үйірмелер бар. Университетте оқитындар өздерінің бағын сынапта басқа спорттық іс-шараларға және жыл сайынғы спартакиадаға қатыса алады. Сондай-ақ университетте сауықтық шараларымен 40-қа жуық бұқаралық-спорт түрлері өтеді. Білім алушылар жазда Ыстық көлге спорттық денсаулық лагеріне жолдама ала алады. ҚазҰУ – өзінің биік таулы көлде орналасқан лагері бар Қазақстандағы жалғыз жоғарғы оқу орын.

Кафедрадағы үйірме мен клубтар. Факультет кафедраларында үйірме мен клубтар мүдделеріне қарай құрылған:

- Ғылыми - кәсіптік,
- Саяси - қоғамдық,
- Мәдени – бұқаралық,
- Тілдік.

Білім алушылар кафедрадағы кез келген үйірмеге немесе клубқа кураторлар мен эдвайзерлер арқылы жазыла алады.

2014 – 2015 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

Университетке студенттерді қабылдау.....	10 тамыз – 25 тамыз
Бағдар беру аптасы	25 тамыз – 29 тамыз

КҮЗГІ СЕМЕСТР 2014

Күзгі семестрдің басталуы	1 қыркүйек
Аралық бақылау 1	13 қазан – 18 қазан
Аралық бақылау 2	8 желтоқсан – 13 желтоқсан
Күзгі семестрдің аяқталуы	13 желтоқсан
Күндізгі оқу түрі студенттерінің қысқы емтихан сессиясы	15 желтоқсан – 30 желтоқсан
Демалыс	31 желтоқсан – 17 қаңтар

Теориялық оқыту	15 апта
Қысқы сессия	2,5 апта
Қысқы демалыс	2,5 апта

КӨКТЕМГІ СЕМЕСТР 2015

Көктемгі семестрдің басталуы	19 қаңтар
Аралық бақылау 1	2 наурыз – 7 наурыз
Аралық бақылау 2	27 сәуір – 2 мамыр
Көктемгі семестрдің аяқталуы	2 мамыр

Күндізгі оқу түрі студенттерінің көктемгі емтихан сессиясы	4 мамыр – 23 мамыр
Тәжірибе	25 мамыр – 27 маусым
Жазғы семестр 1.....	25 мамыр – 27 маусым
Жазғы семестр 2.....	22маусым – 25 шілде
Демалыс	29 маусым – 31 тамыз

Теориялық оқыту	15 апта
Жазғы сессия	3 апта
Жазғы демалыс	9 апта

Мерекелік күндер: 1, 16-17 желтоқсан, 1-2 қаңтар, 8, 21-23 наурыз, 1,7,9 мамыр.

БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Қызметі	Ғылыми атағы және дәрежесі	Аты-жөні	Телефон №
Декан	б.ғ.д., профессор	Шалахметова Тамара Минажевна	ішкі 12-00
Деканның оқу, әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	б.ғ.к., доцент м.а.	Мұқатаева Қарлығаш Ақпаровна	ішкі 12-01
Деканның ғылыми-инновациялық қызметі және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары	б.ғ.к., доцент	Есемсиитова Зура Беркутовна	ішкі 12-18
Биоалуантүрлілік және биресурстар кафедрасының меңгерушісі	б.ғ.д., профессор	Қанаев Әшімхан Тоқтасынович	ішкі 12-21
Молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі	б.ғ.д., профессор	Айташева Зауре Гайнетдиновна	ішкі 12-10
Биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі	б.ғ.д., профессор	Тулеуханов Султан Тулеуханович	ішкі 12-07
Биотехнология кафедрасының меңгерушісі	б.ғ.д., профессор	Заядан Болатхан Казиханович	ішкі 12-11
Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының меңгерушісі	профессор	Арещенко Анатолий Иванович	ішкі 13-70

Биология және биотехнология факультеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің төмендегі бағыттары бойынша мамандар даярлайды:

Бакалавриат

1. 5В060700 - Биология
2. 5В070100 - Биотехнология
3. 5В011300- Биология
4. 5В110400 – Медико – профилактикалық іс
5. 5В080400 – Балық шаруашылығы және кәсіптік балық аулау
6. 5В010800 – Дене шынықтыру және спорт

Магистратура

1. 6М060700 – Биология
2. 6М070100 – Биотехнология
3. 6М011300- Биология
4. 6М110400 – Медико – профилактикалық іс
5. 6М080400 - Балық шаруашылығы және кәсіптік балық аулау
6. 6М010800 - Дене шынықтыру және спорт
7. 6М061300 - Геоботаника

Докторантура

1. 6D011300 - Биология
2. 6D060700 - Биология
3. 6D061300 - Геоботаника
4. 6D070100 - Биотехнология

Факультет туралы мәлімет. Биология және биотехнология факультеті 1934 жылы негізі қаланған университеттің екі факультетінің бірі.

Алғашқы жылдары факультетте ботаника және зоология деп аталатын 2 кафедра жұмыс істеп, онда барлығы 22 студент қана білім алды.

Әртүрлі кезеңдерде кафедралар қайта құрылып және осы уақытта факультетте 5 кафедра қызмет атқарады.

Қалыптасқан алғашқы жылдардан-ақ биология және биотехнология факультеті профессор-оқытушылар құрамы деңгейінің өте жоғарылығымен ерекшеленіп келеді. Факультетте А.Н.Бартенев, П.И.Мищенко, П.И.Громаковский, Н.В.Павлов, А.С.Лазаренко, В.С.Корнилова, М.А.Розенберг, В.А.Догель, Г.З.Бияшев, Б.А.Домбровский, Т.Б.Дарқанбаев, Н.Л.Удольская, Н.З.Хусаинова, М.Ф.Авазбакиева, А.П.Полосухин, С.Р.Шварцман, Т.М.Масенов, П.А.Лер және т.б. ірі ғалымдар мен дарынды педагогтар жұмыс істеді. Биология және биотехнология факультеті 77 жылдың ішінде Қазақстан мен ТМД елдеріндегі биология ғылымының әртүрлі салалары бойынша ғылыми-зерттеу мекемелерінде, өндірістерде, білім саласында қызмет атқаратын 11 мыңнан аса мамандар даярлады.

Биология және биотехнология факультетінің түлектері республикамыздың әртүрлі қызмет ету салаларында және шет елдердің Гарвард, Техас, Вирджиния университеттерінде (докторлар Архат Абжанов, Руслан Бияшев, Рустем Омаров, Дос Сарбасов, Таттым Шайкенов), Густава Рози (Франция) институтында (доктор Мұрат Сапарбаев), Торонто (Канада) университетінде (доктор Нурлан Келдібеков), Ұлыбритания университетінде (докторлар Кулпаш Нұркиянова, Майра Танкиманова, Шолпан Давлетова), Арканзас штатының (АҚШ) Медицина ғылымдарының университетінде (доктор Раушан Курмашева) және көптеген мамандар табысты еңбек етуде.

Бүгінгі күні биология және биотехнология факультеті – Қазақстан Республикасының халық шаруашылығына қажетті жоғары дәрежелі мамандар даярлайтын ірі ғылыми-білім орталығы.

Факультетте мамандар дайындау кредиттік технология шеңберінде көп деңгейлі жүйе бойынша жүзеге асырылады:

Бакалавриат → Магистратура → Докторантура PhD

Қазіргі уақытта факультеттің күндізгі бөлімінде 1300-ден астам студенттер мен магистранттар, 27 PhD докторант білім алады.

амандарды дайындауда ҚР ҰҒА 4 академигі, 26 ғылым докторы, профессорлар, 8 философия докторы PhD және 80-ке жуық ғылым кандидаттары, доценттер, оқытушылар және ғылыми қызметкерлер қатынасады. Оқытушылар үнемі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы МЖИ, алыс және жақын шетел университеттерінде (ғылыми сынақтан өтеді) білімін жетілдіріп отырады. Оқытушылар УНИВЕР жүйесіне енгізілген пәндердің оқу-әдістемелік кешенінде көрсетілген дәрістерді оқу барысында білім беру технологиясының озық үлгілерін пайдаланады.

Биология және биотехнология факультетінің оқытушылары мен қызметкерлері ғылыми жұмыстарын 2 ғылыми-зерттеу институттарының (Биология және биотехнология мәселелері ҒЗИ және Экология мәселелері ҒЗИ) лабораторияларында атқарады.

Іргелі және қолданбалы ғылыми жобаларды зерттеп, іске асыру жұмысына бакалавриат студенттері, магистранттар, PhD докторанттар тартылған, оларға еңбекақы төленеді. Болашақтағы жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша ғылыми жобалардың тақырыбына

сәйкес курстық, бітіру жұмыстары және магистрлік және докторлық (PhD) диссертациялары жасалады.

Ғылыми зерттеулерін орындау үшін жазғы семестр кезінде шетелдік белгілі ғылыми орталықтарға барып жұмыс жасауға студенттерге жағдай жасалынған.

Факультет алыс және жақын шетелдердің (Ресей, Белоруссия, АҚШ, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Швеция, Қытай, Австрия, Испания, Франция, Түркия, Египет және т.б.) жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен өте тығыз байланыс орнатқан.

Шет тілдерін меңгерген студенттер әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқи жүріп, жекелеген пәндерді шетел оқу орындарында оқуға мүмкіндіктері бар. PhD докторанттар міндетті түрде ғылыми сынақтан шет елдерде өтеді.

Факультет дамыған ақпаратты-техникалық базамен қамтылған және білім алуға толық қолайлы шаралар қолданады.

Факультетте 48 оқу зертханасы, Internet жүйесіне қосылған 4 компьютерлік класс, сирек кездесетін экспозициялары бар биологиялық мұражай, т.б. жұмыс жасайды.

Студенттердің Интернет ақпарат жүйесін ақысыз қолдануға мүмкіндіктері бар.

Факультеттің оқу ғимаратында 160 орындық оқырман залы, мамандықтар бойынша 300 мыңнан астам оқу құралымен қамтылған кітапханасы бар.

Студенттердің оқу мен ғылымды ұштастыруы - факультеттің басты ұстанымы. Студенттік өмір кезеңінде жүргізген ғылыми жұмыстарыңыздың жетістіктері Сіздердің көпшілігіңізге ғылым әлеміне алғашқы қадам жасауға жол ашады.

5B060700 БИОЛОГИЯ мамандығы бойынша кәсіби білім бағдарламасының маманданымы

Код және мамандықтың атауы	5B060700 БИОЛОГИЯ
Жеке академиялық дәреже	Биология бакалавры «5B060700 Биология» мамандығы бойынша
Оқыту кезі	2014-2018
Тіл үйрену	Қазақ, орыс, ағылшын
Факультет	Биология және биотехнология
Кафедра	Биоалуантүрлік және биоресурстар кафедрасы, биофизика және биомедицина, молекулалық биология және генетика кафедрасы

Бағдарламаның мақсаты мен оқу нәтижелері

Бакалавриат бағдарламасы жоғары білікті, білім мен құзыреттілікке ие, жұмыс үшін сұранысы бар, бірінші кезекте өндіріске, ғылыми-зерттеу орталықтарына, колледждерге, гимназияларға, орта білім беретін оқу орындарына, табиғатты сақтау және қоршаған ортаны қорғау жұмыстарымен айналысатын мекемелерге биолог-мамандарды дайындауға бағытталған. **Бағдарламаның мақсаты** – әлемдік білім кеңістігі жолын шет елдік білім беру бағдарламаларымен салыстыра отырып, 5B060700-Биология мамандығы бойынша жеке тұлғалардың және қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын, ұлттық үздіксіз білім беру моделін қалыптастыру.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- жаратылыстану ғылымдарының қазіргі таңдағы жеткен жетістіктері туралы тұтас және биология саласы бойынша дұрыс жүйе қалыптастыру;
- дамудың жоғарғы жалпы интеллектуалды деңгейіне ие болу және сауатты сөйлеу және сөйлеуді дамыту, мәдениетті ойлау және еңбектің ғылыми ұйымдарының дағдыларын меңгеру;
- шығармашылық потенциалдың, өзіндік бастамашылдықтың және жаңашылдықтың, сонымен қатар студенттердің кәсіпқойлық білім деңгейін жалғастыру мүмкіндіктерін туғызуға жағдай жасау;
- білім саласында студенттердің жеке бағдарламаны таңдауын қамтамасыз ету;

Кәсіби білім беру бағдарламасының мазмұны

Құзыреттер	Пәндер
1. МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТТІ МОДУЛЬ	
-Бүкіләлемдік және Еуразиялық тарихи процесс негізінде	ІК 1101 Қазақстан тарихы

<p>Қазақстан мемлекеттігінің (1991-2013 жж.) жаңа ілгерілемелі дамуының негізгі кезеңдерін білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының даму жолында қазақстандық үлгілерді еркін түсіндіре алу және қорытындылау мақсатында ғылыми-тарихи және философиялық білімді қолдана білу; - Қазақстан Республикасында және Халықаралық аренада көптілді және көпмәдениетті социумдағы тапсырмаларды шешу мақсатында тілдік және лингвомәдениеттік білімді күзіретті қолдану. 	<p>POK(R)Ya 1102 Кәсіби-бағдарлы қазақ (орыс) тілі POIYa 1103 Кәсіби бағдарлы шет тілі FNP 2104 Ғылыми таным философиясы</p>
<p>2. ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІ МОДУЛЬ</p>	
<ul style="list-style-type: none"> - Қоғамдық-құқықтық нормаларға және әртүрлі мәдени және конфессионалды салт-дәстүрге негізделген әлеуметтік- этикалық құндылықтарды білу; - Табиғат пен қоғамның дамуы мен қызметінің негізгі заңдылықтарын білу, әртүрлі әлеуметтік- экономикалық, саяси және төтенше жағдай кезінде түзу бағдарлай алу. 	<p>PMK 2201 Тұлғааралық коммуникация психологиясы TPP 2202 Теориялық және қолданбалы саясаттану ELSU 2203 Жеке және әлеуметтік өрлеу этикасы KR 2204 Мәдениет және дін OPS 2205 Жалпы және қолданбалы әлеуметтану BZhCh 2206 Адамның тіршілігінің қауіпсіздігі EUR 2207 Экология және тұрақты даму KP 2208 Қазақстан құқығы OE 2209 Экономика негізі</p>
<p>3. КӘСІБИ МОДУЛЬДЕР БЛОГЫ</p>	
<p>3.1. Жаратылыстану-ғылыми(STEM) модулі</p>	
<p><i>Биофизика модулі</i></p>	
<p>= клеткалар мен тұтас ағза биофизикасының негізгі қағидаларын; биологиялық процестер мен құбылыстар негізінде жатқан негізгі физикалық заңдарын білу;</p> <p>= термодинамиканың бірінші және екінші бастамаларын; Гесс заңын, Пригожин және Э.Бауэр принциптерін; биоэлектрлік және фотобиологиялық процестердің механизмдерін білу;</p> <p>= радиобиология негіздерін және сәулелік зақымдарды; биологиялық ырғақтарды генерациялау механизмдерін; биожүйелердің электрөткізгіштік принциптерін; зерттеулердің негізгі биофизикалық әдістерін меңгеру;</p> <p>-алған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын өздерінің зерттеу практикасында пайдалану.</p>	<p>BioF2303 Биофизика</p>
<p><i>Биохимия модулі</i></p>	
<ul style="list-style-type: none"> - биологиялық қосылыстардың негізгі кластарының құрылымы мен атқаратын қызметі, олардың организмде химиялық айналулары мен осы айналулардың адам организмне маңызы жайлы білу; - алынған білімді логикалық өзара байланысқан түсініктер жүйесі ретінде қабылдау, практикалық тапсырмаларды орындау кезінде үйренген өзінің ғылыми негізделген қорытындыларына, бақылауы мен тәжірибесіне сүйене отырып, рационалды және өздігінен әрекет етуге дайын болу; - биохимиялық зерттеулердің негізгі әдістерін игеру. 	<p>Bioch 2417 Биохимия</p>

Ботаника 1 модулі	
- өсімдіктердің морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін білу; - өсімдіктердің классификация және систематикасында ботаника бойынша алынған білімдерді қолдана білу.	Bot 1101 Ботаника 1
Ботаника 2 модулі	
- төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру; - систематикалық өсімдіктер мен теориялық шешім бойынша, практикалық сұрақтар және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдану.	Bot 1201 Ботаника 2
Зоология 1 модулі	
- омыртқасыз жануарлардың көптүрлілігі мен олардың қалыптасуының негізгі заңдылықтарын, негізгі өкілдерінің морфологиясын, анатомиясын, эволюция мен систематикасын және шаруашылықтағы маңызын білу; - зоологиялық зерттеулердің әдістерін пайдалануда, ғылыми сұрақтар қоя білу; - далалық және лабораториялық жағдайларда ғылыми материалдар жинау және өңдеу әдістерін меңгеру.	Zoo2403 Зоология 1
Зоология 2 модулі	
- омыртқалы жануарлардың көптүрлілігі мен олардың қалыптасуының негізгі заңдылықтарын, негізгі өкілдерінің морфологиясын, анатомиясын, эволюция мен систематикасын және шаруашылықтағы маңызын білу; - зоологиялық зерттеулердің әдістерін пайдалануда, ғылыми сұрақтар қоя білу; - далалық және лабораториялық жағдайларда ғылыми материалдар жинау және өңдеу әдістерін меңгеру.	Zool 2404 Зоология 2
Экология модулі	
- тірі организмдердің тіршілік ортасымен қарым-қатынастарын анықтайтын негізгі заңдылықтарын; экологиялық жүйелер мен биосфераның тіршілігін; табиғатты үнемді пайдалану мен табиғатты қорғаудың негізгі принциптерін білу; - табиғи және антропогенді экологиялық процестер мен оларды шешудің мүмкін жолдарын реттеуді және талдауды меңгеру; - экологиялық процестерді талдауға, алынған нәтижелерді экологиялық мәселелерді шешуге; биосфера дамуының заңдылықтары және оның тұрақтылығын сақтау бойынша білімге машықтандыру.	Eko1405 Экология
Қазақстан биоресурстары модулі	
- биологиялық ресурстардың негізгі түрлерінің систематикалық жағдайынан хабардар болу; - ресурстардың негізгі түрлерін есептеудің әртүрлі тәсілдерін қолдана білу.	KB1406 Биоресурсы Қазақстанның
Математика модулі	
- дифференциалдық және интегралдық есептеулерді толық игеріп, оны биотехнологияның математикалық есептерінде қолдана білу; - математикалық модельдерді құру дағдысына ие болу;	Mat1407 Математика

- қолайлы математикалық әдістерді және есептің шешімінің алгоритмін таңдауға құзыретті болу;	
Химия модулі	
- заттардың айналу және химиялық реакциялардың жүру заңдылықтарын; органикалық қосылыстардың топтары мен атауларын білу; - химиялық элементтердің және олардың қосылыстарының қасиеті мен өзара байланысын болжай алуы және сәйкесінше сандық есептерді шығара алу; - заттың сандық және сапалық сипаттамасын анықтауға арналған химиялық және физика-химиялық әдістерді қолдану біліктілігі; анықталған концентрацияда ерітінді әзірлей білу құзыреттілігі болу.	Him1408 Химия
Физика модулі	
- метрикалық жүйені және оны қолдану ережелерін білу, кинематика заңдарын, физикалық механика негіздерін, инерция, электродинамика, кванттық механика, гравитациялық және электростатикалық теорияларының негізін, молекулярлы-кинетикалық, классикалық электронды теорияларының негізін білу; - физикалық әдістерді және есептің шешімінің алгоритмін таңдауға құзыретті болу; - жүргізілген физикалық талдау нәтижесінде практикалық ұсыныстар жасай білу.	Fiz1409 Физика
Микробиология және вирусология модулі	
- қауіпті, зиян келтіруші, зақымдаушы техногенді және табиғи сипатты факторлардың адам организміне қосалқы әсерлерін білу; - зиян және қауіпті факторларды анықтай алу және өнеркәсіптік істің қауіпсіздігі мен экологиялықлығын арттыру бойынша іс шараларды құрастыра алу; - табиғатты рационалды пайдалану мен қорғаудың негізгі принциптерін білу; - адамзаттың тұрақты дамуының заманауи концепциялары мен стратегияларын түсіне білу.	MV2410 Микробиология және вирусология
3.2. Кәсіби базалық модульдер	
Топырақтану	
- құрылық экожүйелері мен агроценоздардағы топырақ жамылғысының орны мен рөлін білу; - топырақ кескінін сипаттай білу және диагностикалық белгілері бойынша түрлерін анықтау; - топырақ карталарымен жұмыс істеуге дағдылану және картаға түсіру; - физикалық, химиялық, физика-химиялық қасиеттерінің көрсеткіштері бойынша құнарлығының деңгейін анықтау және бағалай білу; - гумус және қоректік элементтер қорын есептеу; - шаруашылықта топырақты тиімді пайдалану және қорғау іс-шараларын жобалау.	Top2411 Топырақтану
Клеткалар биологиясы модулі	
- қалыпты және патология кезіндегі клетканың құрылысы мен қызметіне, клетка органоидтарына, клетка теориясының негізгі қағидаларына методикалық талдау жасау; - клетканың құрылымы мен қызметінің арасындағы корреляция туралы білу;	KB2412 клеткалар биологиясы

<p>клетка бөлінуінің әртүрлі типтерінің механизмдері туралы; калыпты және патология кезіндегі цитодифференциацияның молекулалық-генетикалық негізі туралы білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - жарық микроскопының көмегімен цитологиялық препараттарды қарау арқылы клетка бөлінуінің морфологиялық белгілерін, сонымен қатар тірі және бекітілген клеткалардың негізгі элементтерін микроскоп арқылы, микросуреттерден, электроннограммалардан суреттей алу; - микроскопты күйіне келтіру және оны қолдану; - цитологиялық және гистологиялық препараттарды зерттеу; <p>гистологиялық препараттарды зерттей ұлпаларды бір-бірінен ажырату, және ұлпалардың негізгі типтеріне сипаттама беру; электроннограммаларды және микросуреттерді оқу, құрылыстардағы артефакты (бұрысын) ажырату.</p>	
Гистология модулі	
<ul style="list-style-type: none"> - жануарлардың ұлпалар жүйесінің негізгі типтерінің құрылысы туралы білу; - калыпты және патология кезіндегі ұлпалар қызметінің ерекшеліктерін білу; - эмбриогенезде ұлпалардың дамуы және олардың физиологиялық регенерациясын білу; - ұлпалардың морфофункционалдық классификациясын білу; - әртүрлі ұлпалардың дамуы, олардың регенерациясы және басқа ұлпалармен қарым-қатынасын білу; - теориялық біліммен қатар жарық микроскопының көмегімен цитологиялық және гистологиялық препараттарды қарау арқылы негізгі ұлпалардың түрлерін, ұлпалардың регенерациясын анықтай білу; - тірі және бекітілген клеткалардың негізгі элементтерін микроскоп арқылы микросуреттерден, электроннограммалардан суреттей алу; - салыстырмалы және эксперименттік гистологияның негізі туралы дұрыс талдау жасауды игеру. 	Gis2413 Гистология
Адам анатомиясы модулі	
<ul style="list-style-type: none"> - адам организмінің мүшелер жүйесі мен мүшелерінің құрылысын, қызметін, әртүрлі экологиялық жағдайларға байланысты организмде жүретін реттелу негіздерін, процестерін білу; - эколого-физиологиялық тетіктері және адамның бойының түрлі қысылшаң күйінің алдын алуының ұстанымдарын білу; - адамның психофизиологиялық күйінің реттелу өзгерістері жайлы (гипоксия, гипобария, аурсыну, гипертермия, иониздаушы сәулелену және т.б.) ортаның қатал шарттарында және олардың әсерлеріне резистенттілігінің физиологиялық механизмдерін білу; - стресс-реакциялардың өзгешеліктерінің басты физикалық, мінез-құлықтық, эмоциялы деңгейлерін білу; - методологиялық тіл табуларын, физиологиялық мәселесінің қисынына функциялық күймен, тәртіппен және адамның психикалық күйімен ара қысылшаң және қысылшаң жағдайларда организм функцияларының 	AA2414 Адам анатомиясы

<p>қалыптасу механизмдерін білу.</p> <ul style="list-style-type: none"> - әдебиеттер мен электронды көздерден ақпаратты алып анализдеу, физиологиялық зерттеулер мен тәжірибе қою әдістерін қолдана білу, организмнің экстремалды және қолайсыз жағдайларда функционалды жағдайын бағалау әдістерін игеру. - адамның функционалды күйінің сарапшылығын бағалау әдістерін меңгеру. 	
Өсімдіктер физиологиясы модулі	
<ul style="list-style-type: none"> - тірі ағзалардың тіршілік ету және дамуының негіздерін білу; биологиялық жүйелерді және процестерді өнеркәсіптік өндірісте пайдаланудың негіздерін білу; - физиологиялық, биохимиялық процестердің арасындағы өзара байланыстылығын түсіну және анықтай алуға қабілетті болу; - физиологиялық процестердің генетикалық тұрғыдан шартталған екенін, биофизикалық, фотохимиялық заңдардың физиологиялық процестерге әсерін түсіну, осы қабілеттерін практикада қолдану; - өсімдіктер, ағзалардың функционалды күйін бағалау әдістерін меңгеру. 	OF2415 өсімдіктер физиологиясы
Адам және жануарлар физиологиясы модулі	
<ul style="list-style-type: none"> - физиологияның теориялық және методологиялық негіздерін білу; - организмнің вегетативтік қызметінің механизмдерімен заңдылықтарын білу; - организмнің біртұтастығын дәлелдейтін және оның қоршаған ортасымен арақатынасын қамтитын механизмдерін меңгеру; - физиологияның жетістіктерімен келешектегі дамуын және практикалық қолдану; - әдебиеттер мен электронды көздерден ақпаратты алып анализдеу, физиологиялық зерттеулер мен тәжірибе қою әдістерін қолдана білу, организмнің экстремалды және қолайсыз жағдайларда функционалды жағдайын бағалау әдістерін игеру. - алынған білімдерін және практикалық дағдыларын ғылыми зерттеу жұмысында қолдана білу. - игерген білімдерін организмнің функцияларын басқару әдістерін практикалық жұмысында қолдана білу. 	AzhZhF2416 Адам және жануарлар физиологиясы
Генетика 13 модулі	
